

**"Туыстық емес трансплантаттауды жүргізу мақсатында адамның биологиялық материалдарының үлгілерін, гемопозддік дің жасушаларын, сүйек кемігін, донорлық лимфоциттерді, жыныстық жасушалар мен эмбриондарды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан осы мемлекеттерге әкетуге қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беру қағидаларын бекіту туралы"**  
**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 3 қарашадағы № ҚР ДСМ-177/2020 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 7 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-126 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 9 желтоқсанда № 25693 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Туыстық емес трансплантаттауды жүргізу мақсатында адамның биологиялық материалдарының үлгілерін, гемопозддік дің жасушаларын, сүйек кемігін, донорлық лимфоциттерді, жыныстық жасушалар мен эмбриондарды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан осы мемлекеттерге әкетуге қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 3 қарашадағы № ҚР ДСМ-177/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21592 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Туыстық емес трансплантаттауды жүргізу мақсатында адамның биологиялық материалдарының үлгілерін, гемопозддік дің жасушаларын, сүйек кемігін, донорлық лимфоциттерді, жыныстық жасушалар мен эмбриондарды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан осы мемлекеттерге әкетуге қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беру қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі*

*А. Цой*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Цифрлық даму, инновациялар  
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі  
2021 жылғы 7 желтоқсандағы  
№ ҚР ДСМ-126 бұйрығына  
қосымша

**Туыстық емес транспланттауды жүргізу мақсатында адамның биологиялық материалдарының үлгілерін, гемопоэздік дің жасушаларын, сүйек кемігін, донорлық лимфоциттерді, жыныстық жасушалар мен эмбриондарды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан осы мемлекеттерге әкетуге қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беру қағидалары**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Туыстық емес транспланттауды жүргізу мақсатында адамның биологиялық материалдарының, гемопоэздік дің жасушаларының, сүйек кемігінің, донорлық лимфоциттердің, жыныстық жасушалар мен эмбриондарды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан осы мемлекеттерге әкетуге қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 8-бабының 13) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және туыстық емес транспланттауды жүргізу мақсатында адамның биологиялық материалдарының үлгілерін, гемопоэздік

дің жасушаларын, сүйек кемігін, донорлық лимфоциттерді, жыныстық жасушалар мен эмбриондарды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан осы мемлекеттерге әкетуге қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) адамның тіршілік ету өнімдері – адам организмінің ішкі ортасына немесе сыртқы ортаға бөлетін биологиялық заттары;

2) биологиялық материалдар - физиологиялық және патологиялық сұйықтықтардың, тіндердің, адам өмірінің секрециялары мен өнімдерінің үлгілері, оларға мыналар жатады: амниотикалық сұйықтық, ірің, қан, лимфа, қақырық, уыз, зәр, простата безінің секрециясы, шырышты қабықтың шырышты қабаты, синовиальды сұйықтық, ұрық, жұлын сұйықтығы, тіндік сұйықтық, плевралық сұйықтық, мұрын шырышы, тер, трансудат, құлақ күкірті, экссудат, биопсиялық материал, гистологиялық бөлімдер, жағындылар, қырындылар, жуғыштар, патологиялық бөлінулер, қырындылар, құпия, физиологиялық бөлінулер, шаю, тін, сондай - ақ дезоксирибонуклеин қышқылының үлгілері (бұдан әрі-ДНК);

3) гемопоздтік дiң жасушалары - полипотенттілігі бар және сүйек кемігінде, перифериялық қан мен кiндiк қанында өмiр сүру процесiнде болатын адамның сүйек кемiгiнiң қан түзетiн жасушалары.

4) донор - донорлық қанды, оның компоненттерiн, өзге де донорлық материалды (оның iшiнде шәует, аналық жасушалар, репродуктивтік ағзалардың, жыныс жасушаларының, эмбриондардың тiндерi) алу, сондай-ақ реципиентке трансплантаттау үшiн ағзаларды (ағзаның бөлiгiн) және (немесе) тiндердi (тiннiң бөлiгiн) алу жүргiзiлетiн адам, адамның мәйiтi, жануар;

5) жасуша – жеке зат алмасуы бар, өзi өмiр сүруге, өздiгiнен пайда болуға және дамуға қабiлеттi адам ағзасының негiзгi құрылымдық-функционалдық бiрлiгi;

6) консилиум - кемiнде үш дәрiгердiң қатысуымен диагноз қою, емдеу тактикасын айқындау және ауруды болжау мақсатында адамды зерттеу;

7) реципиент - донорлық қан немесе одан бөлiнген компоненттер және (немесе) препараттар құю, еркектiң немесе әйелдiң донорлық материалын (шәует, аналық жасушалар, эмбриондар) енгiзу не донордан алынған ағзаларды (ағзаның бөлiгiн) және (немесе) тiндердi (тiннiң бөлiгiн), сондай-ақ жасанды ағзаларды (ағзалардың бөлiгiн) трансплантаттау жүргiзiлетiн пациент;

8) сүйек кемiгi - қан түзудi жүзеге асыратын, сүйектердiң iшкi бөлiгiнде орналасқан және гемопоздтік дiң жасушаларын, строманы және микроортаның басқа да компоненттерiн қамтитын тiн;

9) хабардар етiлген келiсiм - адамның медициналық көмек алуға және (немесе) оның шешiм қабылдауы үшiн маңызы бар медициналық көмектiң және (немесе)

зерттеудің барлық аспектісі туралы ақпаратты алғаннан кейін нақты зерттеуге қатысуға өз келісімін жазбаша ерікті түрде растау рәсімі. Хабардар етілген жазбаша келісім уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша ресімделеді.

**2-тарау. Туыстық емес трансплантаттауды жүргізу мақсатында адамның биологиялық материалдарының үлгілерін, гемопоэздік дің жасушаларын, сүйек кемігін, донорлық лимфоциттерді, жыныстық жасушалар мен эмбриондарды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан осы мемлекеттерге әкетуге қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беру тәртібі**

3. Туыстық емес трансплантаттауды жүргізу мақсатында адамның биологиялық материалдарының үлгілерін, гемопоэздік дің жасушаларын, сүйек кемігін, донорлық лимфоциттерді, жыныстық жасушалар мен эмбриондарды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан осы мемлекеттерге әкетуге қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) алу үшін заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидаларға 1-қосымшада бекітілген нысан бойынша (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы [www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) өтінішті және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Туыстық емес трансплантаттауды жүргізу мақсатында адамның биологиялық материалдарының, гемопоэздік дің жасушаларының, сүйек кемігінің, донорлық лимфоциттердің, жыныстық жасушалар мен эмбриондарды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан осы мемлекеттерге әкетуге қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын)" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты) 8-тармағында көрсетілген құжаттар тізбесін медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы мемлекеттік органның аумақтық департаменттеріне (бұдан әрі – аумақтық департаменттер) жібереді.

Қорытынды алу үшін жеке тұлғалардың жыныстық жасушалар мен эмбриондарды, гемопоэздік дің жасушаларын (сүйек кемігін), донорлық лимфоциттерді әкелуіне және әкетуіне жол берілмейді.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен көрсету нәтижесін, өзге де мәліметтерді қамтитын оған қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында жазылған.

5. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау

және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады

6. Көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды қараудың және қорытындыны (рұқсат беру құжатын) берудің жалпы мерзімі 1 (бір) жұмыс күнін құрайды.

7. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар пакетінің толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағында көрсетілген ұсынылған құжаттарды тіркеген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде одан әрі өтінішті (еркін нысанда) қарауда дәлелді бас тартуды дайындайды және көрсетілетін қызмет алушының "жеке кабинетке" жібереді.

8. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті қорытынды беру (рұқсат беру құжаты) не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту болып табылады.

Туыстық емес транспланттауды жүргізу мақсатында адамның биологиялық материалдарының үлгілерін, гемопозддік дің жасушаларын, сүйек кемігі, донорлық лимфоциттерді, жыныстық жасушалар мен эмбриондарды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан осы мемлекеттерге әкетуге қорытынды (рұқсат беру құжаты) Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы бір рет өткізуге беріледі.

9. Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізеді.

Деректерді мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізу автоматтандырылған.

10. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым, көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 2-тармағына сәйкес тікелей мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен өтініш берушінің шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны бойынша алуға болады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды сотқа дейінгі тәртіппен қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) ол тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде жүргізеді.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті берушіге беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші шағымды қарайтын органға, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешімін қабылдаса, шағым жібермеуге құқылы.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Туыстық емес  
трансплантаттауды  
жүргізу мақсатында адамның  
биологиялық материалдарының  
үлгілерін, гемопоздтік дің  
жасушаларын, сүйек кемігін,  
донорлық лимфоциттерді,  
жыныстық  
жасушалар мен эмбриондарды  
Еуразиялық экономикалық  
одаққа мүше болып  
табылмайтын мемлекеттерден  
Қазақстан Республикасының  
аумағына әкелуге және  
Қазақстан Республикасының  
аумағынан осы мемлекеттерге  
әкетуге қорытындылар  
(рұқсат беру құжаттарын)  
беру қағидаларына  
I-қосымша  
Нысан

**Туыстық емес трансплантаттауды жүргізу мақсатында адамның биологиялық материалдарының үлгілерін, гемопоздтік дің жасушаларын, сүйек кемігін, донорлық лимфоциттерді, жыныстық жасушалар мен эмбриондарды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан осы мемлекеттерге әкетуге қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) алу үшін өтініш**

---

(импорттаушы (экспорттаушы) ұйымның атауы, оның мекенжайы)

\_\_\_\_\_ (күні) № \_\_\_\_\_ келісімшартқа сәйкес

туыстық емес трансплантаттауды жүргізу мақсатында адамның биологиялық

материалдарын гемопоэздік дің жасушаларын, сүйек кемігін донорлық лимфоциттерді

Қазақстан Республикасының аумағына (аумағынан) әкелуге (әкетуге) рұқсат беруді сұрайды

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(тасымалданатын материалдың атауы, саны)

\_\_\_\_\_

(әкелудің/әкетудің нақты мақсатын көрсету)

Алушы/жөнелтуші \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(атауы, заңды мекенжайы, елі)

\* Ескертпе: материалдарды тасымалдау кезінде ұйым Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары сақталатынына кепілдік береді

\_\_\_\_\_

Тағайындалатын/жөнелтілген елі \_\_\_\_\_

Мынадай құжаттар қоса беріледі:

\_\_\_\_\_

(ұйым басшысы лауазымының атауы)

\_\_\_\_\_

(тегі, аты-және, әкесінің аты) (бар болса)) (қолы)

Туыстық емес  
трансплантаттауды  
жүргізу мақсатында адамның  
биологиялық материалдарының  
үлгілерін, гемопоэздік дің  
жасушаларын, сүйек кемігін,  
донорлық лимфоциттерді,  
жыныстық  
жасушалар мен эмбриондарды  
Еуразиялық экономикалық  
одаққа мүше болып  
табылмайтын  
мемлекеттерден Қазақстан  
Республикасының  
аумағына әкелуге және  
Қазақстан  
Республикасының аумағынан  
осы

мемлекеттерге әкетуге  
 қорытындылар  
 (рұқсат беру құжаттарын)  
 беру қағидаларына  
 2-қосымша  
 нысан

**"Туыстық емес трансплантаттауды жүргізу мақсатында адамның биологиялық материалдарының үлгілерін, гемопоэздік дің жасушаларын, сүйек кемігін, донорлық лимфоциттерді, жыныстық жасушалар мен эмбриондарды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан осы мемлекеттерге әкетуге қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы мемлекеттік органның аумақтық департаменттері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	"www.egov.kz", "www.elicense.kz" "электрондық үкіметтің" веб-порталы.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	1 (бір) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған).
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Туыстық емес трансплантаттауды жүргізу мақсатында адамның биологиялық материалдарының үлгілерін, гемопоэздік дің жасушаларын, сүйек кемігін, донорлық лимфоциттерді, жыныстық жасушалар мен эмбриондарды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан осы мемлекеттерге әкетуге қорытынды (рұқсат беру құжаттары) немесе еркін нысанда мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.
7	Жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті берушінің – демалыс және мереке күндерінен басқа , дүйсенбі-жұма аралығында, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін; 2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).



1. Туыстық емес транспланттауды жүргізу мақсатында гемопоэздік дің жасушаларын (сүйек кемігін), донорлық лимфоциттерді әкелуге не әкетуге қорытынды (рұқсат беру құжатын) алу үшін "трансплантология" және (немесе) "гематология" мамандығы бойынша медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымы мынадай құжаттарды ұсынады:

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

донор мен реципиенттің ақпараттандырылған келісімі туралы мәліметтерді көрсете отырып, реципиентке донордан гемопоэздік дің жасушаларын (сүйек кемігін), донорлық лимфоциттерді туыстас емес транспланттауды жүргізу жоспарланып отырған медициналық ұйымнан растау (еркін нысанда).

2. Заңды тұлға жыныстық жасушалар мен эмбриондарды әкелуге не әкетуге қорытынды (рұқсат беру құжатын) алу үшін мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ұйымдарында экстракорпоралдық ұрықтандыру қажет болған жағдайда:

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

"акушерлік және гинекология" және (немесе) "урология" мамандығы бойынша медициналық қызметке лицензиясы бар медициналық ұйымнан растау (еркін нысанда);

2) қажет болған жағдайда диагностикалық зерттеулер:

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

3) бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізілген жағдайда;

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

материалдарды (жыныс жасушалары, эмбриондар) қабылдайтын немесе жіберетін денсаулық сақтау ұйымының ғылыми қызметпен айналысатынын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

4) қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының аумағында тұратын донорды, шетелде тұратын реципиентті экстракорпоралдық ұрықтандыруды жүргізу:

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

экстракорпоралдық ұрықтандыруды жүргізетін және "акушерлік және гинекология" және (немесе) "урология" мамандығы бойынша медициналық қызметке лицензиясы бар медициналық ұйымнан растау (еркін нысанда).

5) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген жағдайларда:

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш.

3. Адамның биологиялық материалдарының үлгілерін әкелуге не әкетуге қорытынды (рұқсат беру құжатын) алу үшін заңды тұлға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының аумағында медициналық көмек көрсету;

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

биологиялық материалдардың үлгілерін қабылдайтын және медициналық көмек көрсету жоспарланып отырған медициналық ұйымның растауы (еркін нысанда);

2) қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының аумағында диагностикалық зерттеулер;

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

3) бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізілген жағдайда;

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

	<p>биологиялық материалдарды қабылдайтын немесе жіберетін заңды тұлғаның ғылыми қызметпен айналысатынын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;</p> <p>4) қажет болған жағдайда шетелде тұратын донор мен Қазақстан Республикасында тұратын реципиенттің тіндік үйлесімділігін растау үшін HLA жүйесі бойынша зертханалық зерттеулер жүргізу, сондай-ақ гемопоэздік дің жасушаларын транспланттау шеңберінде реципиенттің иммундық стимуляциясын жүргізу;</p> <p>осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;</p> <p>биологиялық материалдардың үлгілерін жіберетін және (немесе) қабылдайтын медициналық ұйымнан растау (еркін нысанда).</p> <p>Көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден, "электрондық үкімет" шлюзі арқылы цифрлық құжаттар сервисінен не "ақпараттық жүйеден" "elicense.kz" мәліметтер алады;</p> <p>Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар туралы; Медициналық қызметке лицензияның және "трансплантология", "гематология", "акушерлік және гинекология", "урология" мамандықтары бойынша лицензияға қосымшаның бар/жоғы туралы; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы (егер заңды тұлға резидент болып табылған жағдайда).</p>
9	<p>Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер</p> <p>1) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар пакетін толық ұсынбауы;</p> <p>2) сот орындаушысының ұсынымы негізінде сот өтініш беруші-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салған жағдайларда жүзеге асырылады;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты, соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы оның негізінде мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқығынан айырылған.</p>
10	<p>Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар</p> <p>1. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталда "жеке кабинеті", сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>2. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің kmfk@dsm.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген.</p> <p>Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефон нөмірлері-1414, 8-800-080-7777.</p>

Туыстық емес транспланттауды жүргізу мақсатында адамның биологиялық материалдарының үлгілерін, гемопоэздік дің жасушаларын, сүйек кемігін, донорлық лимфоциттерді, жыныстық жасушалар мен эмбриондарды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан

осы мемлекеттерге әкетуге  
қорытындылар (рұқсат беру  
құжаттарын) беру қағидаларына  
3-қосымша  
нысан

**Туыстық емес жүргізу мақсатында адамның биологиялық материалдарының үлгілерін, гемопоздiк дiң жасушаларын, сүйек кемiгiн, донорлық лимфоциттердi, жыныстық жасушалар мен эмбриондарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге қорытынды (рұқсат беру құжаты)**

20 / \_\_\_\_ / \_\_\_\_ № \_\_\_\_ / жылы күні айы

\_\_\_\_\_  
(Қорытынды берген мемлекеттік органның атауы)

\_\_\_\_\_ берiлдi

\_\_\_\_\_  
(елі, ұйымның атауы, заңды мекенжайы)

Өткізу түрі \_\_\_\_\_

// \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(Тауарлардың бірыңғай тізбесі бөлімі)

\_\_\_\_\_  
(КО СЭҚ ТН коды)

Тауардың атауы	Саны	Өлшем бірлігі
----------------	------	---------------

Алушы/жөнелтуші\* \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(атауы, заңды мекенжайы, елі)

Тағайындалатын/ жөнелтілген елі\* \_\_\_\_\_

Импорттаушы ел \_\_\_\_\_

Экспорттаушы ел \_\_\_\_\_

Әкелу/әкету мақсаты \_\_\_\_\_

Уақытша әкелу (әкету) мерзімі \_\_\_\_\_

Негіздеме: \_\_\_\_\_

Қосымша ақпарат \_\_\_\_\_

Транзит елі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(аумақ бойынша транзит)

Қолы \_\_\_\_\_ Күні \_\_\_\_\_

Қорытынды \_\_\_\_\_ дейін жарамды

МО

\_\_\_\_\_  
(лауазымы) (Тегі, аты-жөні, әкесәнің аты (бар болса))

<\*> тауарлар санаттарына қойылатын талаптар ескеріле отырып, толтырылады